**РАЗВИТИЕ ВЗАИМОВЫГОДНОГО ПАРТНЕРСТВА С ИНВЕСТОРАМИ ИЗ ГЕРМАНИИ ПО ШИРОКОМУ СПЕКТРУ НАПРАВЛЕНИЙ НОСИТ СТРАТЕГИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ДЛЯ КАЗАХСТАНА. В ЭТОЙ СВЯЗИ КАЗАХСТАНСКАЯ СТОРОНА ГОТОВА ОКАЗАТЬ ПОЛНОЕ СОДЕЙСТВИЕ ДЛЯ УСПЕШНОЙ РЕАЛИЗАЦИИ СОВМЕСТНЫХ ПРОЕКТОВ, В ТОМ ЧИСЛЕ В ОБЛАСТИ ТРАНСПОРТА И ЛОГИСТИКИ.**



Роман СКЛЯР,
заместитель Премьер-министра Республики Казахстан


№17 (2625)
06/04/2021

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА


## СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНБЫЗ БА?

**Биыл көктем кешігіп келді. Оңтүстікте күн көзі енді жылынып жатса, солтүстікте әлі қар жатыр. Жалпы, теміржолда жылдың төрт мезгілінде де тынымсыз тірлік қайнап жатады. Аптап ыстықта теміржолшылар жол бойында күні-түні жазғы жол жұмыстары мен жөндеу түрлерін жүргізсе, күзде қысқа дайындықтарын пысықтап, ал қыста қармен күреседі.**



**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

Көктемнің келуімен солтүстік, шығыс өңірлерде енді ғана көбесі сөгіле бастаған мұз-сеңнің ағын суы рельсті жолдарды, жасанды құрылыстарды шайып кетпеу үшін дайындық жасап, ахуалды тәулік бойы бақылауға алған.

«Пойыздардың тоқтаусыз және қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін және де жолдар мен жасанды құрылыстарды ағын суға уақытылы дайындау үшін Компания бойынша 2021 жылдың 14 қаңтарында №36-ЦЗ-ның «Жолдар мен жасанды құрылыстарды мұз бен ағын суды өткізуге дайындау туралы» бұйрығы әзірленіп, күшіне енген болатын. Міне, осы бұйрық негізінде жедел ұйымдастырушылық-техникалық шаралар дайындалып, көктемнің келуімен тиісті жұмыстар басталып кетті. Көпірлердің, құбырлардың, дренажды құдықтардың тесік, саңылау, жырықтары қардан тазартылып, су бұрғыш арықтар, науалар мен кюветтерді де қардан ашу жұмыстары жүргізілді. Бут тастарымен, рельстік пакеттермен, кондицияланбаған темірбетон шпалдарымен жүктелген су шаюға қарсы 45 пойыз жасақталды. Мұзды ұсақтау және қар көшкінін түсіру бойынша бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізуге құзырлы мекемелермен шарттар жасалды. Сондай-ақ, жасалған шарттар бойынша портландцемент, габионды жәшіктерді дайындауға арналған сым, кесілген ағаш материалдары жеткізілуде», – деп Магистральдық желі дирекциясында жүргізіліп жатқан жұмыстармен бөлісті дирекцияның корпоративтік даму жөніндегі директор орынбасары Арман Құлмағамбетов.

Маманның айтуынша, тасқын суды өткізуге қатысты өткен жылдардың тәжірибесін талдай отырып, барлық өңірлер бойынша 673 қауіпті орындардың, яғни құбырлар, көпірлер, жержол тізбесі анықталған. Олар бойынша бақылау орнатылған, қосымша шолу және тексеру ұйымдастырылған. Қажет болған жағдайда жауапты қызметкерлердің тәулік бойы кезекшілігі белгіленбек. Сонымен қатар аумақтық басқару органдарымен және төтенше жағдайлар басқармаларымен бірлесіп су қоймаларының, ауыл шаруашылығы бөгеттерінің жай-күйін комиссиялық тексеру бойынша жұмыс жүргізіліпті. Барлық өңірлер бойынша темір жол төсемінен жоғары орналасқан 88 бөгет пен су қоймасы бар екен.

«Мемлекеттік автожол кәсіпорындарының қызметкерлерімен бірлесіп, темір жолға жақын орналасқан автомобиль жолдарының жасанды құрылыстарының, әсіресе жаңадан салынған және қайта жаңғыртылатын автожолдардың су өткізу қабілетінің жай-күйіне де тексеру жүргізілмек», – дейді Арман Құлмағамбетов.

Демек, су тасқынына теміржолшылар тас түйін дайын деуге негіз бар.

*Суретті түсірген автор*

## «ЖЕЛЕЗНОЕ» ПАРТНЕРСТВО

**Генеральный директор АО «Пассажирские перевозки» Петер Штурм принял участие в десятой онлайн-конференции по вопросам двустороннего сотрудничества Казахстана и Германии.**

В мероприятии приняли участие руководители национальных казахстанских компаний и представители более 50 ведущих германских фирм. В ходе конференции, организованной Восточным комитетом германской экономики, они рассмотрели вопросы углубления казахстанско-германского сотрудничества в сфере транспорта и логистики.

В своей презентации господин Штурм поделился информацией о работе, проводимой руководством национального перевозчика, нововведениях и планах компании по дальнейшему развитию и клиентоориентированности.

Кроме того, участникам были представлены проекты по интермодальным перевозкам, разработке клиентских мобильных сервисов, повышению эффективности операционной деятельности и управлению компанией, а также планы по обновлению подвижного состава.

Заместитель Премьер-министра Республики Казахстан Роман Скляр отметил, что развитие взаимовыгодного партнерства с инвесторами из Германии по широкому спектру направлений носит стратегический характер для Казахстана. В этой связи казахстанская сторона готова оказать полное содействие для успешной реализации совместных проектов, в том числе в области транспорта и логистики.

Онлайн-совещание прошло в формате живой дискуссии, руководители ведущих германских компаний уделили особое внимание перспективам развития транспорта и логистики в целом, а также потенциалу двустороннего сотрудничества и реализации совместных проектов.

Со стороны партнера национального перевозчика – компании DB Engineering & Consulting – выступил региональный директор по Восточной Европе Винсент ван Хоутен, который рассказал о достигнутых результатах и актуальных реализуемых проектах в рамках двустороннего сотрудничества с АО «НК «ҚТЖ» и АО «Пассажирские перевозки».

Член правления Rhenus Group Михаэль Виферс поделился 20-летним успешным опытом работы в Казахстане. На сегодняшний день компания создала 3 офиса – в Нур-Султане, Алматы и Караганде – для эффективной организации грузовых перевозок в направлении Ирана и Китая.

Напомним, конференцию по вопросам двустороннего сотрудничества Казахстана и Германии возглавляют заместитель Премьер-министра Республики Казахстан Роман Скляр и член правления Восточного комитета германской экономики, сопредседатель Казахстанско-германского делового совета, директор по международному бизнесу Deutsche Bahn AG Нико Варбанофф.

*Руслан РАХМЕТОВ, Нур-Султан*

## ХРОНИКА

**Алма САУЛЕБАЕВА,**
HR бизнес-партнер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ»:



«В АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» ПОРЯДКА ПЯТИ ТЫСЯЧ ПРОВОДНИКОВ ПРИВЛЕКАЮТСЯ К ОКАЗАНИЮ СЕРВИСНЫХ УСЛУГ В ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДАХ, И ОТ УРОВНЯ ИХ ПРОФЕССИОНАЛИЗМА ЗАВИСИТ УРОВЕНЬ СЕРВИСНОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ. НАЦИОНАЛЬНЫМ ПЕРЕВОЗЧИКОМ ВЕДЕТСЯ ПОСТОЯННАЯ РАБОТА ПО ОБНОВЛЕНИЮ ПАССАЖИРСКОГО ВАГОННОГО ПАРКА, ПЕРЕСМОТРЕНЫ И УТВЕРЖДЕНЫ ТРЕБОВАНИЯ К ОСНАЩЕННОСТИ ПАССАЖИРСКИХ ВАГОНОВ МЯГКИМ СЪЕМНЫМ ИНВЕНТАРЕМ, УТВЕРЖДЕН СТАНДАРТ ПО КЛИНИНГУ И ОСНАЩЕННОСТИ САНИТАРНО-ГИГИЕНИЧЕСКИМИ СРЕДСТВАМИ ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ»

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

АҚТАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫҚ ТЕҢІЗ ПОРТТАРЫ АРҚЫЛЫ ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША

**5,4 МЛН**

ЖҮК ӨТКІЗІЛГЕН

АҚТӨБЕ РЕЛЬС-АРҚАЛЫҚ ЗАУЫТЫ 2022 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ЕЛ ТЕМІР ЖОЛ ЖЕЛІЛЕРІН ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫНА

**600 000 ТОННАДАН**

АСТАМ ӨНІМДІ ЖЕТКІЗІП БЕРУДІ ЖОСПАРЛАУДА

«ЛОКОМОТИВ ҚҰРАСТЫРУ ЗАУЫТЫ» АҚ СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛДА ЕЛ БЮДЖЕТІНЕ

**12,2 МЛРД ТЕҢГЕ**

САЛЫҚ АУДАРЫМЫН ЖАСАҒАН

## НЕСКОЛЬКО ШАГОВ ДО ОБЪЕДИНЕНИЯ

**Заместитель председателя правления по корпоративному развитию и HR АО «НК «ҚТЖ» Серик Абденов провел совещание по вопросам создания Регионального центра управления в Алматы и посетил ряд объектов.**



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

Рабочая встреча началась с посещения диспетчерских кругов и ознакомления с рабочими местами поездных диспетчеров. Руководители осмотрели 6-7 этажи здания, находящегося по проспекту Назарбаева, планируемые под создание РЦУП. Для проведения текущего ремонта был составлен дефектный акт с частичной перепланировкой кабинетов. Всего в настоящее время имеется 125 помещений (6 этаж – 62 единицы, 7 этаж – 63), после ремонта будет 87 кабинетов (6 этаж – 50 единиц, 7 этаж – 37). Кроме того, планируется создание помещения под табло коллективного пользования.

В рамках встречи директор департамента автоматики, телемеханики и телекоммуникаций Дирекции магистральной сети Алексей Абдрахманов представил презентацию по организации Регионального центра управления движением поездов и инфраструктурой в городе Алматы, рассказал об основных этапах его создания – три этапа с конкретными сроками.

Первый этап: до 1 сентября 2021 года планируется завершить внедрение микропроцессорной диспетчерской централизации 732 километров (29 станций), оборудовать устройствами оперативно-технологической связи (РЦУП Алматы).

Второй этап: до 1 сентября 2021 года выполнить ремонт здания в Алматы по проспекту Назарбаева, оборудовать пожарно-охранной сигнализацией, видеонаблюдением, провести модернизацию лифтов, оборудовать рабочие места мебелью, бытовой техникой и оргтехникой. К слову, последний раз текущий ремонт с заменой инженерно-коммуникационных систем в здании производился в 2017 году.

Третий этап: до 1 ноября 2021 года передислоцировать в РЦУП диспетческие круги Алматинского, Шымкентского, Жамбылского, Семейского отделений и штат диспетчеров в город Алматы.

В рамках встречи состоялся выезд на станцию Алматы-1, где участники ознакомились с работой товарных кассиров, приемосдатчиков груза и багажа, с технологическим процессом станции, посмотрели работу дежурных по горке, маневровые работы. Далее прошла рабочая встреча в Алматинском эксплуатационном локомотивном депо с посещением пунктов экипировки ТЭР, пунктов проведения ТО-1, ТО-2.

«РЦУП – ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МОНИТОРИНГА ПЕРЕВОЗОЧНОГО ПРОЦЕССА И ДИСПЕТЧЕСКОГО УПРАВЛЕНИЯ, ОСНОВНОЙ ЦЕЛЬЮ КОТОРОЙ ЯВЛЯЕТСЯ НЕ АВТОМАТИЗАЦИЯ ОТДЕЛЬНЫХ РАБОЧИХ МЕСТ, ФУНКЦИЙ И ЭЛЕМЕНТОВ ТЕХНОЛОГИЙ, А РАЗРАБОТКА СКВОЗНЫХ КОМПЛЕКСНЫХ ИНФОРМАЦИОННО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ «ВЕРТИКАЛЕЙ» УПРАВЛЕНИЯ ПЕРЕВОЗОЧНЫМ ПРОЦЕССОМ. ЭТО ПОЗВОЛЯЕТ УВЕЛИЧИТЬ ЭФФЕКТИВНОСТЬ УПРАВЛЕНИЯ, ПРИ ЭТОМ СНИЖАЯ ЭКСПЛУАТАЦИОННЫЕ ЗАТРАТЫ.

Подводя итоги, Серик Абденов выразил уверенность, что все пошаговые, поэтапные работы будут выполнены, подчеркнув, что создание единного комплекса управления РЦУП, несомненно, имеет экономические преимущества: в увеличении маршрутной скорости, гарантийных плеч локомотивов и вагонов, объединении отделений юга и юго-восточного региона.

*Фото автора*

## КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛ АРТТЫ

**Достық станциясы арқылы биыл былтырға қарағанда контейнерлік жүк тасымалы біршама артып отыр. Станцияның өткен және биылғы үш айдағы жүк қабылдау және жөнелту көрсеткіштері осыны көрсетіп отыр.**

Станция бастығының бірінші орынбасары Мақсат Мамбетқұловтың айтуынша, қалыптасып отырған жағдайға қарамастан былтыр осы аралықта мұнда 25900 импорттық бағыттағы вагондар қабылданса, биыл үш айда оның саны 41575 вагонға жеткен. Ал импортпен келген контейнерлік пойыздар саны өткен жылы 363 болса, осы жылы ол 627 пойыз болды. Елімізден шетелге шығарылған экспорттық бағыттағы контейнерлік пойыздар саны былтыр 276 болған болса, жыл басынан бері 541 пойыз жөнелтілген. Импорт қабылданған пойыздардың 69%-ын, экспорт жөнелтілген пойыздардың 51%-ын құрап отыр.

*Ұлан ОРАЗ*

№17 (2625) 06/04/2021

## ЛОКОМОТИВТЕР ЖІТІ ТЕКСЕРІЛУДЕ

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

БАЙҚАУ

**«ҚТЖ-Жүк тасымалы» филиалы Маңғыстау бөлімшесіне қарасты локомотив пайдалану депосында көктемгі комиссиялық бақылаудың алдын ала дайындық жұмыстары пысықталды.**



Депода қанша локомотив бар, оның нешеуі комиссиялық байқаудан қайда, қалай өтеді. Бұл туралы жөндеуді бақылау бөлімінің жетекші инженер технологы айтып берді.

Қазір Маңғыстау локомотив пайдалану депосы паркінде 55 тепловоз бар. Оның ішінде 40-ы МК/ВК сериялы, 15-і маневрлік тепловоздар. Сол аталғандардан МК сериясынан 34, маневрлік тепловоздан барлығы көктемгі комиссиялық байқаудан өтеді. Қалған 6 тепловозға күрделі жөндеу жұмыстары жасалады.

– Маңғыстау локомотив пайдалану депосында жылдағыдай 10 сәуір мен 31 мамыр күндері аралығында көктемгі комиссиялық байқау жүргізіледі. Осыған орай 3 наурызда келген факсограмма негізінде 5-31 наурыз аралығында комиссиялық байқауға әзірлік жұмыстарын атқардық. Тепловоздарды өрт қауіпсіздігін тексердік. Енді байқаудың басталуын күтіп отырмыз.

Тағы бір айта кетерлігі, Маңғыстау локомотив пайдалану депосындағы, сондай-ақ Бейнеу айналым депосындағы жаздық майлар және тепловоздарды сырлауға арналған сыр-бояу қоры, «Ғасыр-Маңғыстау» ЖШС мекемесіндегі жаздық майлар мен қосалқы бөлшектер қоры жеткілікті, – дейді Маңғыстау локомотив пайдалану депосы жөндеуді бақылау бөлімінің жетекші инженер технологы Саясат Қылышбаев.

Маманның сөзінше, Маңғыстау локомотив депосы ТЭМ-2/ТЭМ-18 сериялы локомотивтерге «Ғасыр-Маңғыстау» ЖШС мекемесінде 2021 жылғы көктемгі комиссиялық байқауын өткізуге дайын. Ал МК/ВК сериялы локомотивтерге сервистік қызмет көрсету орталығы болмағандықтан, аталған локомотивтерге Мақат, Шалқар, Сексеуіл сервис орталықтарында көктемгі комиссиялық байқау жүргізіледі.

*Суретті түсірген автор*

## КӨКТЕМ – ТАЗАЛЫҚ АЙЫ

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қазалы

СЕНБІЛІК

**Қоршаған ортаның, аулалар мен көшенің, қала берді жұмыс орнының тазалығы – экологиялық қауіпсіздіктің кепілі. Сондықтан қызылордалық теміржолшылар көктемнің келуімен жылдағы дәстүрмен биыл да тазалықтың бастауын сенбілікпен бастады.**




«ҚТЖ-ЖТ» ЖШС биылғы жылды «Экологиялық мәдениет жылы» деп жариялауына орай Қазалы вагон пайдалану депосының басшысы Арғын Орымбаевтың бастамасымен қазалылық теміржолшылар өткен сенбіде бір кісідей жұмылып сенбілікке шықты. Олар мекеме ауласынан бастап депо маңайынан жолға дейін түгел тазартып, қыс бойы жиналған қоқыстан арылды.

Биыл барлық жерде көктем кеш шығып, жиі жауған қар мен жаңбырдан жер құрғамай, күн ызғары қайтпай тұр. Әйтсе де, сәуір болмай тәуір болмас демекші, сәуірдің тууымен көктемгі байқауға дайындық, тазалық жұмыстары аймақтағы барлық мекемеде қарқын алуда. Жұмыс орындарында тазалықты бірінші орынға қоятын теміржолшылар үшін көктем қашан да тазалық айы болып саналатыны рас.

– Тазалық біздің жыл сайын, тіпті күнделікті жүргізетін жұмыстарымыз саналады. Көктем маусымы болғандықтан биылғы сенбілікті көшет отырғызудан бастап, қоршаған ортаны, депоның маңайын тазалау жұмысынан бастадық. Және де «ҚТЖ-ЖТ» компаниясы бойынша биылғы жылды «Экологиялық мәдениет» жылы деп жариялауына байланысты экологиялық мәдениетті ұстанып, тазалықты талап етуді өз ұжымымызда қолға алып отырмыз. Тазалық сенбілігі депоның барлық учаскелерінде жүргізілді. Сенбілікке депо ұжымы түгел қатысып, тазалық жұмыстарын тек бір сенбі емес, жылдағы үрдіс бойынша бүкіл көктем айларында жалғастыра беретін боламыз, – дейді депо бастығы.

«Экологиялық мәдениет жылына» өз үлестерін қосқан қазалылық вагоншылар ұжымы кеше отырғызған жас көшет шыбықтары биіктеп өсіп, экологиялық ахуалдың түзелуіне сеп болатынына сенеді.

*Суретті түсірген автор*

АЙЛЫҚ

**Жуырда Түркістан станциясында «Назар аударыңыз – құрастырушы» айлығы өткізілді. Мақсатты іс-шара бойынша алдын ала жоспарлар әзірленіп, бекітілді. Айлықтың өтетіні туралы пойыз құрастырушылардың жұмыс орындарына хабарландырулар ілінді.**

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ – ПОЙЫЗ ҚҰРАСТЫРУШЫ!

**Жан ПЕРДЕБЕК,**
Түркістан

Айлықты өткізудегі мақсат – жүк вагонының (тұтқалар, сатылар, алаңдар) барлық анықталған ақауларын қауіпті еңбек жағдайлары ретінде қарастырып, тоқтату шараларын қабылдау.

Осыған орай, ең алдымен пойыз құрастырушылармен техникалық сабақтарды жай ғана өткізіп қоя салмай, оны практикалық түрде көрсетіп, жүзеге асырды. Дәріске 10 пойыз құрастырушы мен маневрлік колоннаның локомотив бригадасы, яғни 15 машинист және көмекшілер қатысты. Сабақта локомотив бригадаларының жұмыс істеуі, маневр жасау кезіндегі іс-әрекеттер туралы кеңінен түсіндірілді. Сондай-ақ, вагондарды беру және әкету жөніндегі жергілікті нұсқаулықты білуіне баса назар аударылды. Техникалық сабақты қорытындылай келе, 7 пойыз құрастырушы аттестациядан өтті.

«Бұдан бөлек, айлық аясында Түркістан станциясының қызметкерлерімен планерлік кеңестерде және жұмыс орындарында түсіндіру бойынша әңгімелесулер өткізілді. Жеке және ұжымдық сақтық шаралары түсіндірілді. Теміржолшылар өз жұмыстарын атқару кезінде ең алдымен қауіпсіздікті сақтау керектігі баса айтылды. Айлық кезеңінде 6 рет тексеру жүргізіліп, 2 ескерту берілді. Біріншісі ережені бұзғаны үшін жұмыстан шеттету, екіншісі тәжірибеден өтіп жүрген пойыз құрастырушының шамсыз жүруі болды», – деді Түркістан станциясының еңбек қорғау инженері Ләззат Рысбаева.




Айта кетейік, Түркістан станциясында 4 пойыз құрастырушы бар. Қыс мезгілінде және қауіпсіз еңбек әдістерін үйретіп оқыту үшін арнайы цех басшысы тағайындалған. Оларға аса қауіпті аймақта орын алатын жағдайларды болдырмау үшін нұсқаулықтар, техникалық сабақтар ұдайы таныстырылып отырады. Сонымен қатар, еңбек қауіпсіздігі үшін құралдарды жарамды күйде және жеткілікті мөлшерде пайдаланады. Олар радиостанция, арнайы техникалық шанышқылар, шамдар және т.б толық жабдықталған.

Өз кезегінде Түркістан станциясының бастығы Қадір Сырлыбеков айлықты өткізу бойынша жоспарланған жұмыстың толық орындалғанын жеткізді.

*Суретті түсірген автор*

## ЖОЛШЫЛАР ЖҰМЫСЫНДА МІН ЖОҚ

**Ұлан ОРАЗ,**
Нұр-Сұлтан

ҚАУІПСІЗДІК

**Астана жол дистанциясы бойынша биыл өткен үш айда былтырғы сәйкес кезеңдегідей қозғалыс қауіпсіздігіне қатысты кемшіліктерге жол берілген жоқ.**

Дистанцияда ай сайын комиссиялық тексеру жүргізіліп, соның барысында ғимараттар мен құрылғылар, қызметтік-техникалық орындар және басты, қабылдап-жөнелтетін жолдардың бағыттама бұрмалары мұқият қаралады. Анықталған кемшіліктер уақытында жойылады. Мекемеде 2020-2021 жылғы қыстағы борандар кезінде адамдарды қармен күрес жұмыстарына жұмыскерлерді тартудың 1-2 кезектегі тізімі жасалып, қар тазалау техникаларының орналасу схемасы әзірленген.

Жалпы ҚТЖ бойынша жіберілген қателіктерге байланысты жеделхаттар станция жұмысшыларына онлайн режимде таныстырылады. Ондай кезде бұл кемшіліктердің барлық себептері толық түсіндіріледі. Бұл басқа теміржолшылардың сондай қателіктерді қайталамауы үшін қажет. Биыл бірінші жартыжылдықтағы пойыздар қозғалысын қамтамасыз ету бойынша профилактикалық жұмыстарды күшейтуге бағытталған шараларға сәйкес көптеген жұмыстар жүргізіледі. Карантин жағдайында бөгде адамдардың станция жолдарына шығуының алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстары бойынша, биыл жыл басынан бері әскерилендірілген теміржол қызметкерлері, машинистер, желілік тәртіп сақшыларымен бірге 79 адамды қамти отырып 6 рет түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Осы үш айда «Темір жол – қауіпті аймақ» тақырыбына бейнеролик түсіріліп, болат жолға жақын мектептерге таратылды және әлеуметтік желілерде жарияланды.

– Станция басшылығы елорданың Сарыарқа ауданы бойынша әкімдігінде өтетін отырыстарға қатысып, теміржол мен өткелдердегі тәртіп, жарақат алушылық жағдайы жөнінен сұрақтарға жауап береді, – дейді еңбек қорғау инженері Маржан Айтмағанбетова.

Қазіргі таңда дистанцияда көктемгі комиссиялық байқау өткізуге қызу дайындық жүріп жатыр. Бұл ретте қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау, техникалық құралдар мен қызметтік техникалық ғимараттар жағдайы басты назарға алынады. Сонымен қатар көктемгі су тасқынына да дайындық пысықталу үстінде.

# Жаңа технология

## БАЙЛАНЫС САПАСЫН АРТТЫРДЫ

**Әр сала жаңа технологияға бет бұру үстінде. Уақыттың ағымы солай. Жаңа технологиямен жұмыс істей алатын мамандар легі қалыптасуда. Бұл үрдіс теміржол саласында да байқалады. Мәселен, Жамбыл сигнализация және байланыс дистанциясының байланыс инженері Қамшыбек Әміреев – Ресейде шығарылған ДХ-500 қондырғысының білікті маманы.**

**Асхат РАЙҚҰЛ,**
Жамбыл облысы

Дистанцияда бүгінде жұмыс қауырт. Оның үстіне, қазір көктемгі бақылау шаралары жүргізіліп жатыр. Қамшыбекпен әңгімеміз заманауи технологиялар және өзге де тақырыптар төңірегінде өрбіді. 1985 жылы Жамбыл жеріндегі Ақшолақ станциясында дүниеге келген ол Алматы қаласындағы Қазақ көлік академиясында білім алған.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның арнайы білім грантына қол жеткіздім. Ең бастысы, компанияның сенімін ақтап, оқу орнын ойдағыдай тәмамдап шықтым. Сосын жолдамамен Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесіне келіп, осында байланысшы болып жұмыс істеп жатырмын», – дейді Қамшыбек Кенжеғұлұлы.

Жас теміржолшы 2008 жылы оқу бітіріп келген бетте жаңа технологиямен жұмыс істей бастаған. Айталық, Жамбыл сигнализация және байланыс дистанциясының үш аймағы бар. Алғашқысы Тараз-Шу болса, екіншісі – Тараз-Түлкібас, үшіншісі – Тараз-Жаңатас.

«Дистанцияда бастапқы кезде кеңес заманынан қалған аналогтық байланыстың құрал-жабдықтары болған. Олармен жұмыс істеу өте қиын екенінің шет жағасын көрдік қызмет барысында. Мәселен, бізде КОС деген қондырғы болған. Ондағы байланыс байырғы мыс кабельдер арқылы жүзеге асатын еді. Ол кезде мамандарымыздың қолынан дизельді қыздырғыш, кемпірауыз, бұрағыш сынды саймандары түспейтін. Өйткені, жиі бұзылады, бұзылған түсын анықтау қиын деген сияқты», – деп түсіндірді инженер.

Ал қазір үш аймаққа үш жаңа технология қойылыпты. Мәселен, Тараз-Шу аймағы ДХ-500 қондырғысымен жұмыс істейді. Ал Тараз-Қаратау-Жаңатас аймағы бойынша мамандар австриялық KS-MS-2000



**ДХ-500 ҚОНДЫРҒЫСЫ БАЙЛАНЫС САПАСЫН ЕДӘУІР ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙГЕ ШЫҒАРДЫ ӘРІ МАМАНДАР САНЫН ҚЫСҚАРТЫП, ЖҰМЫС ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРДЫ. БАЙЛАНЫС САЛАЛСЫНДАҒЫ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖЕТІСТІГІ БОЛЫП САНАЛАТЫН АППАРАТТЫ ӨНДІРЕТІН «ИНФОРМТЕХНИКА» ЗАУЫТЫНЫҢ МАМАНДАРЫ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНА КЕЛІП, БІЗДІҢ МАМАНДАРЫМЫЗДЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ОҚЫТЫП, АРНАЙЫ СЕРТИФИКАТ БЕРДІ.**

қондырғысымен жұмыс істейді. Тараз-Түлкібас аймағына «ISKRATEL» украиналық қондырғысы қызмет етеді екен. Қамшыбек Әміреевтің сөзінше, бұлар қазіргі сандық технологияға негізделген талшықты жүйемен байланыстырылған. Яғни, байланыс шаралары ноутбук немесе компьютерге орналастырылған арнайы бағдарламалар арқылы жүзеге асады.

«Бұл байланыс сапасын едәуір жоғары деңгейге шығарды әрі мамандар санын қысқартып, жұмыс өнімділігін арттырды. Мен жоғары оқу орнында ресейлік ДХ-500 аппаратымен жұмыс істеуді оқығанмын. Оның үстіне, тап осы байланыс техникасын өндіретін «Информтехника» зауытының мамандары Нұр-Сұлтан қаласына келіп, біздің мамандарымызды жан-жақты оқытты. Арнайы сертификат берді. Қазір Тараз-Шу аймағындағы осы қондырғының жұмыс істеуіне мен жауаптымын», – деді теміржолшы маман.

Айта кетейік, біздің кейіпкеріміз сегіз қырлы, бір сырлы жігіт екен. Сонау алғаш жұмысын бастаған жылдары Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесіндегі 18-35 жас аралығындағы теміржолшыларға жетекшілік еткен көрінеді «Біздің жастар республикалық, тіпті халықаралық түрлі байқауларға қатысып, жеңімпаздар қатарынан көрінді. Түрлі алқалы жиындарға, семинар, конференцияларға белсенді атсалыстық. Мен жасақтаған «Көңілді тапқырлар клубы» 2015 жылдары байқаулардан екі мәрте топ жарды. Тіпті біз Ресей Федерациясында өтетін КТК додасына жолдама алдық, алайда, демеуші табылмады», – дейді өкінішпен...

Қамшыбек мектеп бітірген соң Темірбек Жүргенов атындағы өнер академиясына түсуді армандады. «Өйткені, әр қазақ секілді мен де өнерге бейім едім. Бірақ біз теміржолшылар әулетіміз. Әкем де сол кезде жақсылап тұрып бір сыбап алды да, «Мейрамбек Беспаев болып кетем дейсің бе?» деп бетімді қайтарып тастады. Әкеге қарсы келмейтін қазақы тәрбиенің ықпалы ғой. Қоя қойдым. Теміржолдан басқа оқу орнында маған орын жоқ екеніне көзім жетті», – деп күледі ол.

Сол жылдары «Қазақстан темір жолы» компаниясы әрбір теміржолшы әулетінен екі баланы тегін оқытуға бағытталған жобаны қолға алған. Сол бағдарламаға Қамшыбек те ілініп тегін білім алады. Алайда, ол жобаның бір талабы бар. Студент әрбір білім сессиясы сайын сынақ кітапшасын «ҚТЖ»-ның Орталық аппаратына жіберіп отыруы керек. Ал ондағы сабақ бағаларының көрсеткіші төрт балдан жоғары болуы тиіс. Егер сабақ үлгерімі төмендеп кетсе, компания тегін білім грантын қайта алып қояды. Біздің Қамшыбек бұл талаптың үдесінен шықты.

Жоғарыда кейіпкеріміздің әкесі теміржолшы екенін айттық. Әкесінің әкесі Қалы деген кісі екен, ол да болат жолдың бойынан несібесін айырыпты. Қалының әкесі, Қамшыбектің бабасы Әміре де, оның әкесі Иманқұл да осы теміржолдың бойында жұмыс істепті. Демек, неше атасынан жалғасып келе жатқан теміржолшы әулеттің үмітін ақтамауға кейіпкеріміздің хақысы да жоқ еді...

*Суретті түсірген автор*

# ВАГОНЫ ВОЗВРАЩАЮТСЯ ДОМОЙ



ПЕРЕВОЗКИ

**С 1 апреля текущего года ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» приступило к возврату груженых крытых вагонов, не принятых КНР на первоначальные станции погрузки.**

**Айлин БАУРЖАН,**
Нур-Султан

Отправители возвращают груз на станции погрузки либо выгружают вагоны в пути следования, заключая договора на складские услуги. По состоянию на 2 апреля из числа простаивающих крытых вагонов остаются порядка 1100 единиц.

На сегодня возвращено 354 вагона. Кроме того, грузоотправители подали заявки на еще более чем 300 вагонов. Как итог, число возвращаемых вагонов пересекло отметку 700 единиц.

При этом заявки от грузоотправителей продолжают поступать.

– Возврат вагонов на первоначальные станции погрузки – вынужденная мера. Причины такого решения – неприем крытых вагонов китайской железной дорогой, а также просьбы собственников вагонов вернуть подвижной состав и вагоны грузоотправителей, – отметил первый заместитель генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Канат Кобесов.

В течение последних четырех месяцев АО «НК «ҚТЖ» проводило с китайскими коллегами неоднократные совещания по ситуации на приграничных станциях, в том числе с участием заинтересованных министерств и ведомств. Однако, несмотря на письменные договоренности, китайская сторона не спешит их исполнять.

Кроме этого, простаивающие крытые вагоны снижают пропускную способность магистральной сети РК и вынуждают применять ограничительные меры на экспорт и транзит грузов других экспортеров, осуществляющих перевозку в направлении станции Достык.

ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» продолжает информировать грузоотправителей о проводимых мерах по передаче грузов в КНР.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# ГЛАВНЫЕ СОСТАВЛЯЮЩИЕ БЕЗОПАСНОСТИ

В РАБОЧЕМ ПОРЯДКЕ

**Члены КБООС СД АО «НК «ҚТЖ» во главе с председателем Совета директоров Кристианом Куном прибыли в Караганду с целью проверки состояния объектов инфраструктуры и охраны труда.**

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

После прибытия гостей в административное здание Карагандинского отделения ГП начальник службы по производственной безопасности и экологии филиала Асель Оспанова провела вводный инструктаж по безопасности труда и охране труда.

По ее словам, филиал включает в себя три локомотивных, два вагонных и 89 железнодорожных станций.

– Стоит отметить, что основными зонами повышенной опасности являются вагоны на железнодорожных путях, переезды, пассажирские платформы, – сообщила она. – Во время нахождения на участках необходимо применять средства индивидуальной защиты в виде сигнального жилета, при посещении объектов, расположенных в цехах, – защитные каски. Кроме того, использовать антисептики.

Затем с презентационными слайдами выступил директор филиала Марлен Кокрекбаев. Он представил схему протяженности железной дороги, которая на сегодняшний составляет 2 168 километров.

Марлен Кокрекбаев также дал характеристику станций, дислоцирующихся в регионе, озвучил выполнение прошлогодних планов по грузообороту, погрузке основных номенклатурных грузов, которые составляют более 100%. Кроме того, он отчитался о доходности от вышеперечисленных работ. В прошлом году она превысила 6 миллиардов тенге.

Безусловно, приоритетной задачей филиала является профилактика производственного травматизма и несчастных случаев по причине нахождения людей на железнодорожных путях. В связи с этим на предприятии организована работа по качественному проведению технических занятий, пересмотрены реестры рисков, проведены проверки во всех подразделениях филиалов по безопасности и охране труда работников станций, разработаны мероприятия по предупреждению несчастных случаев на рабочих местах, проведению внеочередного диалога безопасности, а также по улучшению экологической ситуации.

– В своей работе мы используем комплекс единых стандартов, разработанных в рамках международного сотрудничества. После каждого случая проводится тщательный анализ и принимаются меры по предотвращению возникновения аналогичных ситуаций на железнодорожных путях. Чтобы работа была более эффективной, мы привлекаем акимат, – доложил Марлен Кокрекбаев.

В свою очередь, выслушав отчеты, Кристиан Кун отметил, что сегодня одним из главных приоритетов компании является безопасность работников. Поэтому



особое внимание должно уделяться вопросам обеспечения охраны труда и техники безопасности.

То, что железная дорога – это зона повышенной опасности, говорилось уже неоднократно. Но некоторые игнорируют эту аксиому. К примеру, люди переходят железнодорожные пути в неположенном месте, идут по путям, игнорируя все предупреждения. Так, во время посещения железнодорожного вокзала города Караганды члены комиссии стали свидетелями того, как благодаря бдительности и профессиональным действиям сотрудника службы охраны Мылтыкбая Есжанова удалось избежать наезда на пассажира. Руководству вокзала дано поручение инициировать благодарственное письмо в адрес руководства компании с просьбой о его материальном поощрении.

– Необходимо продолжить работу по информированию граждан о правилах безопасного поведения и нахождения на железнодорожном транспорте и объектах его инфраструктуры, – отметил член КБООС СД Нуржан Байдаулетов.

Далее председатель Совета директоров встретился с поездными диспетчерами четной сортировочной горки станции Караганда-Сортировочная, посетил ТОО «Қамқор Вагон» и Карагандинское эксплуатационное локомотивное депо, совершил поездку на снегоуборочном поезде.

Также, он вместе с комиссией побывал в филиале АО «Пассажирские перевозки» – «Северный», филиале по ремонту пассажирских вагонов АО «Вагон-сервис», совершил осмотр грузового двора АО «Кедентранссервис» и других предприятий.

Руководством АО «НК «ҚТЖ» отмечено, что сегодня на железной дороге трудятся люди, которые преданы своей профессии. Несмотря на все сложности, они обеспечивают безопасность и комфорт пассажиров, своевременность перевозок грузов, надежность инфраструктуры.

*Фото автора*

## Правопорядок

# Скажем «НЕТ» коррупции

**Вопросы противодействия коррупции на железнодорожном транспорте обсудили в Костанайском отделении грузовых перевозок.**

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

В совещании приняли участие руководство филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП», филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети», а также регионального проектного офиса «Qostanai – adaldyq alańy» – всего 150 участников.

По словам ведущего юрисконсульта Костанайского отделения ГП Нуржана Кусманова, на совещании были рассмотрены вопросы профилактики и предупреждения коррупционных правонарушений в сфере деятельности филиалов, обсуждены внесенные изменения и дополнения в некоторые законодательные акты страны по вопросам противодействия коррупции от 6 октября 2020 года.

– ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», поддерживая антикоррупционную политику нашего государства, также проводит работу, направленную на искоренение причин появления коррупции, – отметил первый заместитель директора Костанайского отделения ГП Азамат Шарсеитов. – Например, в целях исключения человеческого фактора в январе текущего года внедрена автоматизация формирования ведомостей подачи уборки, а также рассмотрена возможность автоматизации простоя вагонов на станционных путях. Не последнюю роль играет работа с трудовым коллективом, где до сведения работников доводятся нормы антикоррупционного законодательства РК.

В свою очередь, руководитель регионального проектного офиса «Qostanai – adaldyq alańy» Анжела Альжанова в своем выступлении акцентировала внимание на принятых нормах, усиливающих ответственность за дачу взятки и посредничество во взяточничестве, а также незаконное вмешательство в предпринимательскую деятельность.

– К примеру, если прежде за дачу взятки в значительном размере максимальная санкция составляла до 5 лет лишения свободы, то, согласно новой редакции, верхний порог наказания увеличен до 7 лет. И берущие, и дающие взятки будут строго наказываться, – отметила она.

Еще одна важная норма – расширен круг должностных лиц квазигосударственного сектора, являющихся субъектами коррупции. Отныне работники компаний, уполномоченные на принятие решений по организации и проведению закупок, ответственные за отбор и реализацию проектов, финансируемых из госбюджета и нацфонда, занимающие должность не ниже руководителя самостоятельного структурного подразделения, отнесены к субъектам коррупции.

Говоря о проекте «Адал жол», Анжела Альжанова сообщила, что в течение года совместными усилиями проектного офиса и АО «НК «ҚТЖ» проведены значительные изменения в работе компании. Например, заметно улучшены условия для пассажиров, пользующихся услугами железнодорожного транспорта. Усовершенствованная система электронной продажи проездных документов помогла минимизировать практику создания искусственного дефицита билетов. В этом году совместно с проектом «Адал жол» планируется проведение внутреннего анализа коррупционных рисков в деятельности центрального аппарата компании и подведомственных организаций.

В настоящее время рассматривается вопрос о переводе всех услуг в сфере железнодорожного транспорта в электронный формат.

# ЗА СОХРАННОСТЬ ПЕРЕВОЗИМЫХ ГРУЗОВ

**Надежда НОВИЦКАЯ,**
Кокшетау

ПРОФИЛАКТИКА

**В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» разработан план совместных мероприятий, направленных на обеспечение сохранности перевозимых грузов, на 2021-2022 годы.**

Так, мобильной группой оперативного реагирования Акмолинского филиала ТОО «ВЖДО» за 2 месяца 2021 года проведено 113 рейдовых мероприятий, из них 2 совместно с сотрудниками полиции на станции Нур-Султан, негласно сопровождены 82 грузовых поезда.

Согласно плану приняты дополнительные меры, созданы мобильные группы оперативного реагирования из числа железнодорожников и сотрудников ЛУП, ЛОП для обеспечения сохранности перевозимых грузов, предупреждения краж деталей и узлов вагонов, разукомплектования средств СЦБ и связи, сохранности товарно-материальных ценностей с объектов железнодорожного транспорта.

В число приоритетных задач АО «НК «ҚТЖ» входит реализация государственной стратегии по организации транспортно-логистических услуг и развитию транзитного потенциала Казахстана. При этом задача обеспечения сохранности, безопасности перевозки грузов всегда имеет первостепенное значение, – говорит руководитель ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Айнабек Жукашев.

В общественных местах размещены вывески с телефонами доверия ЛУП, ЛОП, ТОО «ВЖДО», ДС для передачи информации о готовящихся либо совершающихся хищениях грузов, вероятности террористических актов, нахождении подозрительных лиц и предметов на территории станции.

За два месяца текущего года задержано и передано в линейное управление полиции 109 человек за проход через железнодорожные пути в неустановленных местах, проведено 7 разъяснительных бесед с жителями, проживающими вблизи железной дороги и лекций в школах на темы «Железная дорога – зона повышенной опасности», «Правила безопасности пешеходов» с охватом 186 учащихся. Проведено 9 совместных рейдов с участием сотрудников транспортной полиции, начальников станций Нур-Султан, Сороковая, Кокшетау, Атбасар, Курорт-Боровое, Жанаесіл, Тайынша.

За 2020 год было проведено 530 рейдовых мероприятий, из них 18 совместно с сотрудниками полиции на станции Нур-Султан, негласно сопровождены 219 грузовых поездов, задержаны и переданы в линейное управление полиции 48 человек за проход через железнодорожные пути в неустановленных местах, проведены 52 разъяснительные беседы.

Благодаря профилактической работе за 2 месяца 2021 года по филиалу ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» убытков по несохранным перевозкам не допущено.



# ЧЕТЫРЕХМЕСЯЧНИК ЗАВЕРШЕН

**Ольга УШАКОВА,**
Оскемен-1

ИТОГИ

**Итоги четырехмесячника по контролю за боковой рамой подвели в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо.**

Это традиционное для вагонников мероприятие проходило с 23 ноября прошлого года по 23 марта 2020-го. Как информировал инструктор по автотормозам и буксовому узлу Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24) Нурлан Наурзбаев, по итогам четырехмесячника было обнаружено семь подтвержденных дефектов боковых рам в пяти вагонах – на ПТО станций Оскемен-1 и Бухтарма. Также осмотрщики обнаружили проблемы боковых рам в еще нескольких вагонах, но эти случаи не были подтверждены в ходе расследования.

– В этих пяти вагонах боковые рамы забраковали, поставили другие детали. Отремонтированные вагоны вновь пустили в эксплуатацию, – сказал Нурлан Наурзбаев.

Проведение таких четырехмесячников осенью-весной в вагонных депо продиктовано тем, что чаще всего изломы боковых рам вагонов, которые могут привести к крупным авариям на железной дороге, происходят в холодное время года. Поэтому нужен особый контроль за боковыми рамами, чтобы предупредить нештатные ситуации.

№17 (2625) 06/04/2021

## Юбилей



# ТЕРНИСТЫЙ ПУТЬ К УСПЕХУ

**Филиалу АО «НК «ҚТЖ» – «Акадырская машинизированная дистанция пути» исполнилось 10 лет.**

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

На сегодняшний день в штате предприятия насчитывается 500 человек, среди них 194 монтера пути.

На протяжении 6 лет организацией руководит Назыр Косубаев. С его слов, работу приходилось начинать буквально с нуля. На тот момент важно было применять в деле хозяйский подход.

– Чтобы привести в порядок полуразрушенные здания, предназначенные для работников дистанции пути, стройматериалы собирались буквально «с миру по нитке». Так, своими силами была реконструирована котельная, построены душевые, теплый бокс, гаражи, – рассказывает Назыр Косубаев. – Работать в большей степени приходилось на голом энтузиазме, и сейчас мы видим результаты нашего труда. При открытии участка ПЧМ использовался опыт российских коллег. Предоставленный руководящей структурой бизнес-план подтвердил стопроцентную готовность к работе. Первоначально в этом процессе было задействовано около 100 человек. Решающую роль в открытии дистанции пути также сыграло географическое месторасположение Караганды, которая находится в центральной части Казахстана и является индустриальным городом. Здесь активно функционируют заводы, и сотрудничество с ними всегда давало хорошие плоды, которые мы пожинаем по сей день.

Зимой этого года рабочими были выполнены ремонтные работы в Жамбылском Мангистауском, Шымкентском отделениях магистральной сети. В ближайшее время предстоит ремонт 15 километров на участке Уральского отделения магистральной сети. Несмотря на продолжающийся из-за коронавируса карантин, работоспособность коллектива не снизилась. За время пандемии железнодорожники реализовали заданный объем работы по смене бесстыкового пути по направлению в Хоргос. В это непростое время люди доставлялись к месту работы в служебных вагонах. Таким образом, в течение 45 дней все ремонтные работы были полностью завершены.

В настоящее время на балансе дистанции пути числятся благоустроенные здания с бильярдным и теннисным залами, кухней, где железнодорожники проводят свой досуг после рабочего дня. Весомую поддержку в этом направлении оказывает профсоюзный комитет, который обеспечил работников постельным бельем и кухонными принадлежностями. Сегодня для сотрудников созданы комфортные условия для проживания, своевременно выплачивается заработная плата, премиальные. Все эти составляющие ведут к высокой трудоспособности сотрудников.

Одним из приоритетных вопросов на ПЧМ Акадыр является охрана труда. В этом направлении проводится большая работа – онлайн-семинары, выездные мероприятия, внедряются рацпредложения для обеспечения безопасности на железнодорожных путях.

Благодаря слаженной работе монтеров пути, работников механизированного цеха, водителей-машинистов кранов, дорожных мастеров, бригадиров, путейцев филиал АО «НК «ҚТЖ» – «Акадырская машинизированная дистанция пути» за сравнительно небольшой срок смогла продемонстрировать историю успеха, пройдя тернистый путь длиною в 10 лет.

*Фото автора*

# ТАРЛАН ТЕМІРЖОЛШЫҒА ҚҰРМЕТ

АБЫРОЙ

**Семей теміржолында ұзақ жылдар бойы абыройлы қызмет атқарып, қарапайым еңбек адамынан басшылық қызметтерге дейін сатылап өскен, тұтас ұжымды алға жетелеп, қаншама шәкірт тәрбиелеп өсірген тарлан теміржолшы – Семей ЖТ бөлімшесінің бас инженері, Құрметті теміржолшы Самат Төлеповті барша әріптестері салтанатпен зейнеткерлікке шығарып салды.**

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей



Бөлімше басшысы Сиязбек Әлішев жиналғандар алдында Самат Қашқымбекұлының теміржол саласындағы 45 жылғы еңбек жолына шолу жасап өтті. Алғашқы еңбек жолын Семей локомотив деполында цех шебері ретінде бастаған С.Қашқымбекұлы әр жылдарда депо басшысы, Семей станциясының бастығы, Семей магистральдық желі бөлімшесінің басшысы қызметтерін абыроймен атқарды. Көптеген ізбасар шәкірттер қалыптастырып, майталман мамандардың кәсіби шыңдалуына жол ашты. Осы жайында айтып өткен Сиязбек Әліпбайұлы құрмет иесінің Семей теміржолын көркейту жолындағы еңбектеріне тоқталып өтті. Бөлімше ұжымы атынан арнайы алғыс хат табыс етіп, қазақы дәстүрмен оқалы шапан жауып құрмет білдірді. Сонымен қатар, Абайдың 175 жылдығына орай арнайы әзірленген ақын суреті табыс етілді.

Өз кезегінде Семей магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Айдын Шәукежанов та тарлан теміржолшыға жылы лебізін жеткізіп, барша ұжымның атынан естелік сыйлық тарту етті.

Сондай-ақ, ҚР көліктік жұмысшылар кәсіподағы төрағасы Оразғали Ахметбаевтың атынан Құрмет грамотасын бөлімшенің салалық кәсіподақ ұйымының төрағасы Алик Досанов салтанатты түрде табыс етіп, кәсіподақтың 100 жылдық мерейтойына орай арнайы төсбелгі тақты.

Мұнымен қатар, Самат Қашқымбекұлының әр жылдарда тәлімін көрген кейінгі буын шәкірттері, мекемелер басшылары да ыстық ықылас пен құрметтерін аямады.

Айта кететтйік, құрмет иесінің салалық қызметтегі ұстазы болған, бүгінгі таңда бөлімшенің ардагерлер кеңесінің төрағасы Қырықбай Әлсейітұлы сөз алып, жүрек тебірентерлік естеліктермен бөлісті. Бір кездердегі жұмысқа жаңадан келген жас маманды алғаш сынақтан өткізген сол кездегі басшысының жадында жарқын сәттер мол сақталыпты. Әсіресе, 90-шы жылдардың тоқырауында жергілікті теміржол саласын құлдыратпай сақтап қалуда үлесі мол болғанын айтып өтті.

– Самат Қашқымбекұлы біздің ауыр да жауапты еңбекте жұмысқа қамшы салдырмайтын қызметкер бола білді. Теміржолдағы ең бір күрделі, шешуі қиын жұмыстарды сеніп тапсыратынбыз. Қандай жауапты іс болмасын соңына дейін жеткізетін-ді. Ризамын, әрбір теміржолшы, әр басшы дәл өзіндей болсын. Осынау абыройлы жолыңды кейінгі буынға нәсіп етсін, – деп баталы тілек білдірді.

Ал, жиын соңында Самат Қашқымбекұлы сөз алып, алғысын білдірді.

– 45 жылғы еңбек жолымның соңғы 30 жылында тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиыншылықтарды еңсеруге, теміржол саласындағы жаңашылдықтарды жүзеге асыруға кетті. Қандай табысқа жетсем де, сіздердің де үлестеріңіз бар, қолдауларыңызды сезіндім, – деді Самат Қашқымбекұлы.

Ал жиын соңында бөлімше басшысы зейнетке шыққан бас инженердің орнына осыған дейін Аягөз локомотив пайдалану деполының басшысы болған Серік Ибраев тағайындалғанын жеткізді. Серік Якупбекұлы Самат Қашқымбекұлын соңғы 30 жыл бойы жақсы білетінін, өзіне ұстаз болғанын мақтанышпен жеткізіп, көрсетілген сенімге алғыс айтты.

*Суретті түсірген автор*

# КӘСІПОДАҚ ДЕМЕУШІЛІК ЖАСАДЫ

СПОРТ

**Семей ЖТ бөлімшесінде спортты серік еткен теміржолшылар көптеп саналады, олардың жетістіктері туралы жазып та жүрміз. Шығыстық спортшы-теміржолшылар биылғы жылғы республикалық деңгейдегі байрақты бәсекелерді де жеңісті жолмен бастады.**

**Қуан ЕРТІС,**
Семей



Мәселен, осыған дейін ҚТЖ бойынша ұйымдастырылған көптеген спорттық сайыстарда топ жарып жүрген ПЧ-39 мекемесінің теміржолшысы Аманжол Аусыдықов жуырда Петропавл қаласында өткен республика біріншілігінде гір көтеру сайысында топ жарды.

Айта кетерлігі сол, Аманжолға жергілікті салалық кәсіподақ ұйымы демеушілік жасапты. Барып қайтар жол шығынын толық көтеріп алған. Соған орай спортшы жігіт те, намысқа тырысып, барын салып, қоржынға жүлде салып қайтты.

Аталмыш жарысқа елдің әр түкпірінен жиналған 200-ден аса гір көтеру спортының саңлақтары қатысқан. Оның ішінде ұлттық компания атынан және салалық кәсіподақ атынан жалғыз Аманжол ғана тәуекелге барып, сайыс жолына шығыпты.

– Жарыс барысы өте шиеленісті өрбіді. Талап-ережелер қатаң. Осыған дейін гір көтеруден рекорд жаңартып жүрген кіл кәсіби құрыш білектілер қатысқандықтан жеңіске жету оңайға соқпады. Тіпті, допинг тексеруден өтудің өзі қиынға түсті. Әсіресе, гір тасын асықша үйірген ауыр атлетикадан спорт шеберлері мен ҚР әскерилерінің әуе десантшыларымен бәсекеге түсу аса ауыр болды. Небары бір ай ғана дайындық жасасам да жеңіс тұғырына көтерілу бұйырды. Демеушілік көрсеткен кәсіподақ ұйымына, оның төрағасы Алик Досанов ағамызға айтар алғысым шексіз. Спортшыларымыздың танылуына үлкен қолдау көрсетіп, жол ашып жүр, – дейді пікір бөліскен Аманжол.

Десе де, Аманжол 40-45 жас ардагерлер арасында 85 келілік салмақ дәрежесі бойынша гір тасын ұзын циклмен көтеруден жүлделі үшінші орынды жеңіп алыпты.

Айта кетерілігі, Аманжол Аусыдықов осыған дейін гір тасын жұлқа көтеруден Шығыс Қазақстан облысының чемпионы атанған болатын.

*Суретті түсірген автор*

## Рационализаторство

# ВМЕСТО ШПЛИНТА – СРЫВНОЙ БОЛТ

**Технический совет второго уровня одобрил рационализаторское предложение осмотрщика-ремонтника Оскеменского эксплуатационного вагонного Бакытжана Актюлеева, необходимое при эксплуатации грузовых вагонов на железнодорожных путях.**

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск



Рацпредложение «Срывной болт для защиты от выпадения вагонных деталей» является защитой от несанкционированного демонтажа вагонных деталей на железнодорожных путях. Иными словами, предотвращает случаи произвольного выпадения и кражи деталей вагонов. Бакытжан Актюлеев разработал срывной болт, который заменит не очень надежный шплинт фиксации валика ручного тормоза. Он изготавливается из обычного болта диаметром 8 мм и длиной 100 мм.

«Срывной болт вкручивается в заводское отверстие фиксации валика ручного тормоза, заменив тем самым устаревший шплинт. Это позволит предотвратить кражи деталей путем простого снятия шплинта, а также произвольного выпадения шплинта из отверстия фиксации валика ручного тормоза. Это предполагает более надежную фиксацию валика ручного тормоза», сказано в описании рационализаторского предложения.

При этом для установки срывного болта потребуется несколько незначительных доработок. Так, необходимо нарезать резьбу в заводском отверстии с помощью метчика на 8 мм, вкручивать срывной болт до отсоединения его верхней части. Для демонтажа к срывному болту приваривается гайка.

Как информировала инженер производственно-технического отдела Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Эльмира Капарова, за это рацпредложение Бакытжан Актюлеев получит авторское вознаграждение в размере 31 904 тенге.

– По плану на 2021 год наше предприятие должно направить два рационализаторских предложения, – говорит она. – Второе рацпредложение с экономическим эффектом пойдет от нас в третьем квартале.

Согласно протокольному решению заседания Технического совета второго уровня под председательством исполнительного директора по технической политике ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Ербола Дуйсембаева от 25 марта 2021 года, всего по Семейскому отделению грузовых перевозок признаны рационализаторскими пять предложений.

Помимо срывного болта Бакытжана Актюлеева, техсовет одобрил рацпредложение машиниста тепловоза Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Алексея Пермякова «Модернизация крышки песочного бункера на тепловозах серии ТЭ33А», инженера производственно-технического отдела Семейского отделения грузовых перевозок Айдына Кажикенова «Приведение кабинетов в эстетический вид», ведущего инженера производственно-технического отдела Семейского отделения грузовых перевозок Ерлана Сальева «Приспособление для скручивания пожарных рукавов» и «Клеймодержатель».

*Фото Эльмиры КАПАРОВОЙ*

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
**Дина Мұздыбаева**
Бас редактордың орынбасары
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 20 000**
Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**
**Р. Рахметов, С. Бакесова**

**Меншікті тілшілер:**
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
**Шымкент:** Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
**Жамбыл:** Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76
**Қостанай:** Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
**Көкшетау:** Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**
**Асель Распаева,**
**тел.: 8 775 198 15 61,**
**e-mail: raspayeva.assel@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.